

Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 6 Нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзгерістерге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

1. Қорқытып алушылық меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстар қатарына жатады.

Қорқытып алушылықтың мәнісі болып бөтен мүлік (заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, бағалы қағаздар, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектілендірілген нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымдарды жеке сипаттайтын өзге де құралдар); мүлікке құқық (өсиет, сақтандыру полисі, қолхат, шарт, қандай да болмасын құндылықтарды әр түрлі құнды қағаздарды алуға сенімхат және оған басқа да мүлікті алуға құқық беретін өзге де құжат) немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттерді жасау (баламалы емес сипаттағы қызметтер, мысалы "үй-жайды күзеткені" үшін, бұйымдарды сатуға, қарыз алу туралы қолхатты жоюға, ортақ мүліктегі қарыздан бас тартуға, проценттік ставканы төмендетуге, қандай да болмасын жұмыстарды жүргізуге "көмектескені" үшін және т.с.с.) табылады.

Кінәлі адамның қалаған мақсатына жеткеніне не жетпегеніне, талап еткен мүлкін, мүлкін иелену құқықтарын алғанына не алмағанына немесе жәбірленушінің мүліктік сипаттағы әрекеттерді жасауға қол жеткізгеніне қарамастан жәбірленушіге қорқыту арқылы мүліктік талаптар қойылған сәтте қорқытып алушылық аяқталған болып есептеледі.

2. Кінәлі адамның әрекетін қорқытып алушылық ретінде айқындау кезінде қорқытудың заңның диспозициясында көзделген нақты түрін анықтап алған жөн, осы орайда меншік иесінің немесе қарауында мүлік бар не мүлік күзететін тұлғаның, сондай-ақ олардың жақындарының қорқытып алушылықтан жәбір көрушілер болуы мүмкін екенін назарда ұстау керек. Қорқытып алушылықты айқындау үшін қорқытудың түрі (ауызша немесе жазбаша, өзі айтып немесе делдал арқылы айтқызып, ашық немесе бүркемеленген түрде айтып қорқыту) маңызды емес, алайда жәбірленуші қорқытудың мазмұнын оның нақты мағынасына сәйкес сол қалпында қабылдауы тиіс.

Қорқытып алушының әрекетін айқындау үшін осы қорқытуды өзінің немесе оның қатысушыларының іске асыруы маңызды емес.

3. Күш қолданамын деп қорқытып, мәжбүрлі психологиялық ықпал ету ниетін білдіретін әрекеттерді қорқытып алушылық деп түсінген жөн (өлтіремін, денсаулығына

ауыр, орташа немесе жеңіл зиян келтіремін, зорлаймын немесе өзге де зорлау әрекеттерін жасаймын деп қорқыту).

4. Мүлікті жоюмен немесе бүлдірумен қорқыту арқылы жасалған қорқытып алушылық кезінде кінәлінің әрекеттерін айқындау үшін қандай мүлік туралы сөз болып отырғаны (жәбірленушіге күзету үшін сеніп тапсырылған немесе меншік иесінің, жылжитын немесе жылжымайтын мүлкі) және осы қорқытудың қандай тәсілмен іске асырылатыны маңызды емес. Мұндай жағдайларда қорқытудың шын мәнісінде орын алуға тиіс екенін және жәбірленушіні қорқытатындай әсерінің болу мүмкіндігін назарда ұстаған жөн.

Егер қорқытып алушылықты іске асыру кезінде жәбірленушінің мүлкі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 202-бабының диспозициясында көрсетілген жағдайларда жойылса немесе бүлдірілсе, онда кінәлінің әрекеттері аталған қылмыстардың жиынтығын құрайды.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Жәбірленушіні немесе оның туыстарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді таратамын деп қорқытуды, жәбірленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіретін кез келген мәліметтерді жариялаймын деп қорқытып, бөтен мүлікті не мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипатқа ие өзге де әрекеттерді жасауды талап ету деп түсінген жөн. Осы орайда мәліметтерді таратамын деп қорқыту кезінде осы мәліметтердің шындыққа сәйкес келу-келмеуі маңызды емес. Солай бола тұра жәбірленушінің осы мәліметтерді құпия сақтауға тырысатынын, ал оларды жариялаймын деп қорқытуды кінәлінің жәбірленушіні қойған талаптарын орындауға мәжбүрлеу үшін пайдаланатынын назарда ұстаған жөн.

Жәбірленушіні масқаралайтын мәліметтерді тарату арқылы да елеулі зиян келтірілуі мүмкін.

Елеулі зиянды анықтау кезінде жәбірленушіге келтірілген жан азабының субъективтік бағасы, сондай-ақ оны масқаралайтын мәліметтерді таратамын деп қорқытып жасалған қорқытып алушылықтың нәтижесінде жәбірленушінің шеккен жан азабы мен тән азабының деңгейін куәландыратын объективтік мәліметтер ескеріледі.

Келтірілген жан азабын анықтау кезінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы" 2015 жылғы 27 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысын басшылыққа алу қажет.

Масқаралайтын болып табылмайтын өзге де мәліметтерді жариялау жәбірленушіге елеулі зиян келтіруі мүмкін, мысалы бизнеске шығын келтіретін коммерциялық құпияны жариялау, бала асырап алу құпиясын не отбасы және жеке өмірге қатысты және тағы сол сияқты мәліметтерді жариялау.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

6. Жәбірленушінің бас бостандығын шектеумен, тән азабын шектірумен, соққы берумен, ұрып-соғумен, денсаулығына жеңіл немесе ауырлығы орташа зиян келтірумен байланысты жасалған қылмыс күш қолдану арқылы қорқытып алушылық болып танылады.

7. Кінәлі адамдардың "адамдар тобының алдын ала сөз байласу" белгісі бойынша жасалған қорқытып алушылық әрекеттерін саралаған кезде ҚК-нің 31-бабының екінші бөлігін және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" (бұдан әрі – "Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" ҚР ЖС НҚ) 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысының 8, 9, 10-тармақтарын басшылыққа алу керек.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

8. Бірнеше рет жасалған саралау белгісін қолдану кезінде ҚК-нің 12-бабын және " Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" ҚР ЖС НҚ-ның 12-тармағын басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

9. Кінәлі адамдардың әрекеттерін қылмыстық топ жасаған қорқытып алушылық белгісі бойынша саралаған кезде ҚК-нің 3-бабының 24) тармағын және "Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы" ҚР ЖС НҚ-ның 11-тармағын басшылыққа алу қажет.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

10. Денсаулыққа ауыр зардап келтірілгенін анықтау кезінде ҚК-нің 3-бабының 11) тармағын және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 484 бұйрығымен бекітілген "Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын" жөніндегі нұсқаулықты басшылыққа алған жөн.

Қорқытып алушылық барысында жәбірленушінің денсаулығына ауыр зардап келтірілген жағдайда ҚК-нің 106-бабы бойынша қосымша айқындаудың қажеті жоқ,

себебі жасалған әрекеттер ҚК-нің 194-бабының үшінші бөлігінің 1) тармағымен толық қамтылады.

Қорқытып алушылықты жасаған кінәлі адамның денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіріп, абайсызда оның өліміне әкеп соққан әрекеттері ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағымен және 106-бабының үшінші бөлігімен көзделген қылмыстардың жиынтығы бойынша айқындалуы тиіс.

Қорқытудан жәбірленушінің қасақана қайтыс болуына әкеп соққан қорқытып алушының әрекеттері қорқытып алушылық пен адам өлтірудің жиынтығын құрайды, себебі қорқытып алушылықтың құрамы қорқытумен байланысты тиісті талапты қойған кезде орындалған болып танылады, ал адамның өлуіне әкеп соққан қорқытуды іске асырған қорқытып алушының әрекеттері қорқытып алушылық құрамының шегінен шығады және қосымша айқындауды қажет етеді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

11. Ірі және аса ірі мөлшерді анықтау кезінде ҚК-нің 3-бабының 3), 38) тармақтарын басшылыққа алған жөн.

ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағы немесе төртінші бөлігінің 2) тармағы бойынша әрекетті саралау үшін ірі немесе аса ірі мөлшерде мүлік алу мақсатына қол жеткізілгені немесе жеткізілмегені маңызды деп есептелмейтінін соттар назарда ұстағаны жөн.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

12. Алып тасталды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.04.21 № 1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

13. Қорқытып алушылық пен өзінше билік етудің ара-жігін ашу кезінде қорқытып алушылық құрамында меншік қатынастары қорқытып алушылықтың негізгі, ал жәбірленушінің денсаулығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті қосымша объектісі болып табылатынын, өзінше билік ету кезінде басқару тәртібі аясындағы қатынастар негізгі объекті ретінде, ал жеке басқа және меншікке зиян келтірілген жағдайда соңғылар қосымша объектілер ретінде танылатынын назарда ұстаған жөн.

Осы құрамдарда субъективтік жақтың белгілері бойынша да айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қорқытып алушылық тікелей ниетпен және пайдакүнемдік себеппен сипатталады, яғни қорқытып алушы жәбірленушіден мүлікті, мүлікке құқықты тегін алуды, кінәлінің немесе өзге тұлғалардың пайдасына мүліктік сипаттағы басқа әрекеттерді жасауға қол жеткізуді қалайды, осы орайда қорқытып алушы талап еткенін алуға өзінің нақты немесе ықтимал құқығы жоқ екенін ұғынады және басқа

тұлғаның есебінен заңсыз баюға тырысады. Өзінше билік етудің субъективтік жағы да кінәлі адамның өзінің әрекеттері жөнінде тікелей ниетінің болуымен сипатталады, алайда қылмыскерде пайдакүнемдік себеп болмайды, себебі ол мүлікке нақты немесе ықтимал құқығы бар екенін, жәбірленушілер тарапынан оның пайдасына мүліктік сипаттағы әрекеттердің жасалатынын ұғынады, осы заттардың өзіне немесе басқа тұлғаларға берілуін, ал әрекеттердің өзінің пайдасына немесе басқа тұлғалардың пайдасына жасалуын қалайды.

Объективтік жағынан қорқытып алушылықтың өзінше билік етуден айырмашылығы қорқытып алушылық объективтік жағының құрылымы бойынша қылмыстың формальді құрамы, ал өзінше билік ету материалдық құрамы болып табылатындығында, өйткені азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне айтарлықтай зиян келтіру түрінде қоғамдық қауіпті салдар туындайды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

14. ҚК-нің 191-бабы екінші бөлігінің 1) тармағымен көзделген кісі тонауды және қарақшылықты күш көрсетуге ұласқан қорқытып алушылықтан ажырату мәселесін шешу барысында, егер тонау немесе қарақшылық кезінде күш қолдану мүлікті иемдену мен оны ұстап тұрудың құралы болса, қорқытып алушылық кезінде білек күшін қолдану қорқытуды растаудың түрі болып табылатындығын, бірақ сол сәтте емес, белгілі бір уақыт өткеннен кейін, таяу арада немесе тым кейінірек іске асырылатындығын ескеру керек. Егер кінәлі адам талапты қойған мезгілмен қабаттас мүлікті алған жағдайда да бұл қорқытып алу болып табылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2020 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулыларымен.

15. ҚК-нің 194-бабында көрсетілген қылмысты айқындайтын белгілерді жәбірленушіге, сондай-ақ оның туыстарына қатысты қорқытып алушылық жасалғанда да ескерілуі керек.

Жәбірленушінің туыстары болып оның тек жақын туыстары ғана емес, сонымен бірге қалыптасқан өзара қарым-қатынастарға байланысты осындай туыстар болып табылатын адамдар да (заңды некеде тұрмайтын жұбайлар, күйеу мен қалыңдық, қамқоршылар мен қорғаншылар, және олардың қамқорлығындағы адамдар және т.с.с.) оның жақын туыстары болып танылуы мүмкін.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Қылмыстық кодекс қорқытып алушылықтың арнайы құрамдары: радиоактивті материалдарды (ҚК-нің 284-бабы), қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын (ҚК-нің 291-бабы), есірткі немесе жүйкеге әсер ететін заттарды (ҚК-нің

298-бабы) қорқытып алушылықты көздейді. Қорқытып алушылықтың осы түрлері жасалғанда ҚК-нің 194-бабы бойынша қосымша айқындау қажет емес.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 24.12.2014 N 4 Нормативтік қаулысымен (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

17. Осы қаулының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының "Қорқытып алушылық туралы істер жөніндегі сот тәжірибесі туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 11 қаулысының(енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге) күші жойылды деп танылсын.

18. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы